

Сейфуллин оқулары – 18: « Жастар және ғылым – болашаққа көзқарас» халықаралық ғылыми -практикалық конференция материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 18: « Молодежь и наука – взгляд в будущее» - 2022.- Т.II, Ч.II. –Б.174 -176

## **АДАЛДЫҚ –АДАМДЫҚТЫҢ БЕЛГІСІ (АБАЙ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ НЕГІЗІНДЕ)**

Сабырхан Э., студент

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ.

Адалдық – адам бойындағы асыл қасиет. Адал болу- сертіне беріктік, шынайылық пен адамгершілік сияқты қасиеттердің жиынтығы. Отанға деген адалдық, жақындары мен жарына, бауыры мен досына адал болу адамгершілігі жоғары әр адамның бойында болуы тиіс қасиет деп ойлаймын. Демек, адалдық адам бағасының бір өлшемі іспетті.

Қазіргі қоғамның басты идеологиясы - адамгершілігі жоғары,адал ұрпақ тәрбиелеу.Осы мақсатта өскелең ұрпақты адамгершілікке, адалдыққа, парасаттылыққа, еңбекқорлыққа тәрбиелеу үрдісі отбасынан бастап бала бақша, мектеп,колледж, университет деңгейінде кеңінен жолға қойылған.

Касым-Жомарт Тоқаев «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында:

«Абайдың шығармаларына зер салсақ, оның үнемі елдің алға жылжуына, өсіп-өркендеуіне шын ниетімен тілеулес болғанын, осы идеяны барынша дәріптегенін байқаймыз. Ал, ілгерілеудің негізі білім мен ғылымда екенін анық білеміз. Абай қазақтың дамылсыз оқып-үйренгенін бар жан-тәнімен қалады. «Ғылым таппай мақтанба» деп, білімді игермейінше, биіктердің бағына қоймайтынын айтты» дей келе, данышпан Абайдың халқына деген жанашырлық үндеуінің, білім мен ғылым ғана өрге жеткізеді деген Абай ойшылдығының қазіргі қоғам үшін де еш маңызын жоймағанын жеткізді [1.1]

Расында,«Ғылым таппай мақтанба» өлеңіндегі Абайдың айтқан бес асыл ісінің бірі – еңбек.

Адал жүріп, адал тұр,  
Есебің тура келуге.  
Жаның жақса, соңынан,  
Жалқауланба еруге...  
Бес нәрседен қашық бол.  
Бес нәрсеге асық бол,  
Адам болам десеңіз.  
Өсек, өтірік, мақтаншак,

Еріншек, бекер мал шашпақ –  
Бес дұшпаның білсеңіз,  
Талап, еңбек, терең ой,  
Қанағат, рақым ойлап қой,

Бес асыл іс, көнсеңіз [2.36] -деп ойшыл ақын барша игіліктің негізі - еңбек деп насихат айтады. Иә, бұл өнегелі өсиетті еш өркениет өзгерте алмасы анық.

Ұлы философ Абайдың 45 қара сөзін – қазақ болмысының айнасы, адамдық пен адалдықтың бағдаршамы деп айтуға болады.

Абай қазақтың бойындағы жалқаулық, еріншектік, еңбекке қырсыздық, мақтансүйгіштік, масылдықты кереғар кесел деп сынға алады және бұл кеселден арылудың жолы – адал еңбек екенін ескертеді.

Сондай-ақ ұлы ойшыл он сегізінші қара сөзінде: «Тегінде, адам баласы адам бала- сынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Онан басқа нәрсеменен оздым ғой демектің бәрі де – ақымақтық» [3.22] – дейді. Бұл өсиеттің өн бойындағы өнеге- адам жалғыз ғана ақылы, парасаты, білімі арқылы ғана басқалардан ілгері бола алады дегенге саяды. Демек, жиған мал-мүлік, алтын мен күміс, басқа да байлық адамды басқалардан артық етпейді.

Абай өзінің еңбектерінде адамзатты адамгершілік, парасаттылық, әділеттілік, еңбексүйгіштік, ар-намыс сияқты жоғарғы қасиеттерді бойға сіңіруге шақырды. Иә, Хакім Абайдың ұлағатты ойлары мен өнегелі сөздерін бүгінгі жас ұрпақ терең ұғынып, мән-мағынасын түсіне білсе, адалдық, адамгершілік қасиеттерді бойға жинайды деп үміттенеміз. Ақын өлеңдеріндегі мына бір жолдарға назар аударайықшы: «Пайда ойла- ма, ар ойла...». Бұл ойшыл бабамыздың өскелең ұрпаққа арнаған сөздері.

Пайда ойлама, ар ойла,  
Талап қыл артық білуге.  
Артық ғылым кітапта,

Ерінбей оқып көруге- деп адамның ары бәрінен биік тұратынын айтады.

Бұл өлеңінде Абай қулықпен келген дүние пендені берекесіздікке әкеледі, адал еңбек еткен адамның ары да таза болады дейді.

Күні бүгін ойшылдың өлеңдері мен қара сөздері күн тәртібінен түспей жүрген сыбайлас-жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруда үлкен рөл атқарады. Өз заманының дара басының қамын ойлайтын, біреуді алдап, біреуді арбап күн көрушілерге, өзінен күшті әкімдер алдында жағымпаздықпен көзге түсіп қалуға тырысушыларға Абай мейлінше қарсы болды. Қазір де қоғамда алдау-арбау, ұрлық, тағы басқа келеңсіз жайттар орын алуда. Бүгінде біздің еліміздегі рулас, туысқандық, біреудің ығында болу, өзгеге арқа сүйеп күн көру сияқты әрекеттерді де көріп жүрміз, ол – сыбайластық жемқорлық әрекеттері. Бұл қоғам кеселі. Одан құтылудың жолы- Абай атамыз өсиет еткен адалдық. Абай өз шығармаларында елдің

ел болуы халықтың өзін-өзі тәрбиелеуіне, қоғамның кертартпа әдеттерден арылуына байланысты деп білді.

Абай: «Мал керек болса, қолөнер үйренбек керек. Мал жұтайды, өнер жұтамайды» дейді. Біз еңбекке, жаңа өнер игеруге деген көзқарасымызды түбегейлі өзгертуге тиіспіз. Байлықтың да, бақыттың да кілті – өзің сүйген кәсіпте екені рас.

Абайдың «Пайда ойлама, ар ойла, талап қыл артық білуге» деген өсиетін әрдайым санаға сіңіру қажет.

Ұлтымыздың ұлы тұлғасы, қазақтың бас ақыны Абай Құнанбай-ұлының ойы мен сөзі, өнегесі уақыт өткен сайын өзектілігі артпаса кеміген жоқ. Абай қандай да қиындық пен тұтқиылдан алып шығар жолды нұсқады: «Өзіңе сен, өзіңді алып шығар, Ақылың мен қайратың екі жақтап», – деп бүкіл пенде атаулыға күш-жігер беріп, жол көрсетті.

Абай әрқашан ар-ұятты өзіңе серік ете жүріп еңбек ізде, жалқаулықтан безін, кәсіпзде, өнер тап дейді. Бұл ойларын ол «Сегізаяғында» анық етіп ескертеді:

Егіннің ебін,  
Сауданың тегін  
Үйреніп, ойлап, мал ізде.  
Адал бол – бай тап,  
Адам бол – мал тап,

Қуансаң, қуан сол кезде-деп не нәрсені де ізденіп үйренуге, адал жолмен мал табуға шақырады.

Абайдың сөзі мен өсиеті өмірдің барлық саласында өзекті. Қалай өмір сүріп, еңбек етуге үйрететін өмір оқулығы десе болады. Абайды оқыған, асыл мұрасынан сусындаған, жүрегімен түйсінген әр адам адалдықтың ақ туын ұстап, жаман қасиеттерден аулақ болары сөзсіз.

### Пайдаланған әдебиеттер

- 1 Қасым-Жомарт Тоқаев «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласы Нұр-Сұлтан, 2020, 8 қаңтар AIQYN. KZ
- 2 Абай Құнанбаев өлеңдер жинағы Алматы, Жазушы 2003 ж-296 Б
- 3 Абайдың қара сөздері Алматы, Униерситет баспасы 2020 ж-146 Б
- 4 Akazhanova A.A.«Wethodology of the Developmentof the Worldview of Scool childrenthrough» Games. Opcion, Ano 35, No.89 (2019): 640-659 ISSN 1012-1587/ ISSNе :2477-9385; The names and motivation o the kazakh national sports (Польша, 2019)

Жетешісі: С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ доценті: А.С